Эссе

"Интернетсіз күн"

Интернет қазір бүкіл әлемді өзіне тәуелді етіп алды. Бүкіл адамдар интернетсіз өмір сүре алмай қалды. Ал бұрынғы кездерде интернет жоқ болған кезде де бәрі жақсы өмір сүрген. Менің ойымша, қазіргі адамдар интернетсіз, ұялы телефонсыз бір күн де өмір сүре алмайды. Мен де өзімді сондай адамдардың қасына жатқыза аламын. Бірақ та мен интерсіз күнімді өткізе аламын. Ондай жағдайлар жиі болып тұрады. Мен интернет болмаған кезде көбінесе достарыммен кездесіп, серуендегенді ұнатамын. Шопингке, демалыс күндері, интернет болған кезде де мен достарыммен серуендеп жүремін. Және кейде мен кітап оқимын. Қазіргі уақытта мен үйімдегі барлық кітапты оқып тастадым, сондықтан қазір оқып жүрген жоқпын. Көптеген адамдар сияқты мен де интернет жоқ кезде ұйықтаймын. Оған бәрі істейді. Және де мен тәтті тағамдар пісіріп, үй шаруашылығын істеймін. Осылайша мен өз интернетсіз күнімді өткіземін.

Баймуханова Жұлдыз

8 сынып